

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
қабылдау комиссиясының төрағасы

_____ А. Жудебаев

(2025 жылғы «__» «_____» № __

Ғылыми кеңес хаттамасы)

**6B02177 «ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КИНО ЖОБАЛАРДЫ
ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ТАЛАПкерлеріне Қойылатын
ТАЛАПТАР**

Алматы, 2025г.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 2-4

Құрастырушылар:

Ахметжанова А.М.-«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының аға оқытушысы

Абишев С.Е.- «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы, PhD докторы.

Азимов С.Ж.-«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының профессоры

«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Экрандық өнер режиссурасы»

кафедрасының меңгерушісі _____ Попов В.И

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесі мақұлдады

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі

Академиялық кеңес төрайымы _____ Лаврик Н.А.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы _____ Бакеева М. К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 3-4

6B02177 – «ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КИНО ЖОБАЛАРДЫ ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Талапкердің орта білім алғандығы туралы аттестаты болуы тиіс. Оқуға түсуші мәдениет, өнер және креативті индустриялар саласында жобаларды ұйымдастыра білуі керек, сонымен қатар кинематография, телевизия, бейнелеу өнері және театр салаларында белгілі бір білім деңгейіне ие болуы қажет. Ол шығармашылық қиялы жоғары, қазіргі заманғы қоғамдық-саяси жағдайға бейімделе алатын, нарық сұранысы мен қоғамның қажеттіліктерін түсінетін, адамдармен және құжаттармен жұмыс істей алатын, ұйымдастырушылық қабілеті бар болуы тиіс. Компьютерді еркін меңгеріп, мемлекеттік тілді білуі қажет.

2. Мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының мақсаты – «Телевизиялық және кино жобаларын продюсерлеу» білім беру бағдарламасына түсушілердің шығармашылық және кәсіби дайындығын анықтау. Қабылдау емтихандары талапкердің жалпы білімі мен интеллектуалдық деңгейін, шығармашылық қиялын, монтаждық бейнелі ойлау және материалды нақты әрі түсінікті жеткізе білу қабілетін, сондай-ақ, оның шығармашылық әлеуетін бағалауға мүмкіндік беруі тиіс.

Қабылдау емтихандарының міндеттері:

- Кинематография, әдебиет және бейнелеу өнері саласындағы білім деңгейін бағалау;
- Ұлттық кодтың болуын анықтау;
- Туындыны авторлық тұрғыдан жеткізу тәсілі мен мәнерінің өзіндік ерекшелігін бағалау;
- Сөздік қорын және шығармашылық ой-қиялын бағалау;
- Бейнелі және қисындық ойлау қабілетін анықтау;
- Шығармашылық ойларының сонылығын бағалау;
- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу деңгейін анықтау.

3. Шығармашылық емтихандар:

1. Телевизиялық және кино жобаларының таныстырылымы

Талаптар:

Талапкер емтиханға мынадай материалдар ұсынады:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 4-4

— Алдын ала стандартты үлгіде дайындалған телевизиялық және кино жобалардың жазбаша сипаттамасы (жоғарыда көрсетілгендей: титулдық бет + 3 беттік компьютерлік мәтін, Times New Roman қарпі, 14 кегель);

— Power Point бағдарламасында жасалған ауызша таныстырылым және слайд-шоу (10–15 слайд).

Жобаға қойылатын талаптар: ұлттық бірегейлік, ауызша және жазбаша тілдің сауаттылығы, өнер және креативті индустрия саласына қатысты болуы, ой-идеяның сонылығы және жобаның шынайы іске асырылу мүмкіндігі.

2. Коллоквиум /ауызша/

Талаптар:

Сұхбат талапкерлердің жалпы мәдени деңгейін, олардың әлеуметтік-мәдени қызметке бейімділігін, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілетін айқындайды. Талапкер таңдалған тақырыптың мазмұнын толық ашуы тиіс. Талапкердің музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кинематография салаларында білімі болуы керек; белгілі суретшілерді, композиторларды, әртістерді, актерлерді, музыканттар мен орындаушыларды білуі тиіс; кино өнерінің, театрдың, әдебиеттің жанрлары туралы түсінігі болуы және барлық өнер түрлерінің даму тарихын білуі қажет.

Талапкерлер қазіргі заманғы Қазақстанның көркем мәдениеті мен өнері мәселелері бойынша алдын ала сұхбаттан өтіп, таңдаған мамандықты түйсіну деңгейі анықталады.